

«Yessenov Data Lab» бағдарламасының
ЕРЕЖЕСІ
SHAKHMARDAN YESSENOV FOUNDATION

I. Жалпы ережелер.

- 1.1. «Yessenov Data Lab» бағдарламасы (бұдан әрі – «Бағдарлама») – бұл қазақстандық жас ғалымдардың алған білімдерін әрі қарай қолдану үшін, үлкен деректерді талдаудың базалық дағдыларына нақты практикалық жұмыстарда үйрету, сондай-ақ олардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған 4 апталық интенсив.
- 1.2. Бағдарлама «Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры» жеке қорының (бұдан әрі – «Қор») бастамасы бойынша қаржыландырылады.
- 1.3. Бағдарламаның мақсаты – жас ғалымдардың осы бағытта одан әрі дербес дамуы үшін қажетті үлкен деректермен жұмыс істеу саласындағы дағдыларын дамыту.
- 1.4. Осы Ережеде «демеушілік көмек» терминінің мағынасы оқытуды қаржыландыру, оның ішінде лекторларға ақы төлеу, техникалық және әкімшілік шығындар болып табылады.
- 1.5. Жеңімпаздарға бағдарламаға қатысу тегін. **Жыл сайын бағдарламаға қатысушылардың ішінен бағдарламаның 20 (жиырма) жеңімпазы іріктеліп алынады.**
- 1.6. Жеңімпаздар ашық конкурс барысында іріктеледі. Конкурс кемінде жылына бір рет өткізіледі.
- 1.7. Бағдарлама үлкен деректермен жұмыс істеу дағдыларын үйретуді көздейді және 2025 жылғы «16» маусымнан бастап «11» шілдеге дейін, яғни 4 (төрт) апта бойы қордың «Yessenov Data Lab» жазғы мектебінде өтеді. Оның ішінде 2 (екі) апта онлайн форматта – 2025 жылғы «16» маусымнан бастап «27» маусымға дейін, және 2 апта офлайн форматта – 2025 жылғы «30» маусымнан бастап «11» шілдеге дейін Алматы қаласында ұйымдастырылады. Оқыту тілі – орыс тілі, техникалық ағылшын тілінің элементтері қолданылуы мүмкін.

II. Бағдарлама қатысушыларына қойылатын талаптар.

2.1. Бағдарламаға 18 (он сегіз) жастан асқан Қазақстан Республикасының азаматтары, бакалавриат студенттері, магистранттар, докторанттар және келесі *бағыттар бойынша жұмыс істейтін мамандар ғана қатыса алады:

- жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары;
- денсаулық сақтау.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мамандықтар классификаторына сәйкес.*

2.2. Бағдарлама жеңімпазын айнықтау кезінде үміткерлердің мынадай қасиеттері ескерілетін болады:

- 2.2.1. жоғары интеллектуалды әлеует;
- 2.2.2. өзінің кәсіби дағдыларын дамытуға ұмтылу;
- 2.2.3. нәтижеге бағытталу;
- 2.2.4. бейімделу қабілеті.

2.3. Ізденуші өзінің белсенді кәсіби, ғылыми, қоғамдық қызметін, кәсіптік дағдыларының төменде көрсетілген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық түрде мәлімдеуі және растауы тиіс:

- 2.3.1. күшті аналитикалық қабілеттер;
- 2.3.2. Қазақстанда ғылыми қызметпен айналысуға және/немесе IT технологияларды дамытуға қызығушылық пен ниет;
- 2.3.3. статистика және сызықтық алгебра негіздерін білу.
- 2.3.4. бағдарламалаудың негіздерін білу (кез келген бағдарламалау тілінде).
- 2.4. Өтінім берушіде келесі параметрлерге сәйкес келетін жеке жабдық (компьютер/ноутбук) болуы керек. Ұсынылатын параметрлер:
 - 2.4.1. CPU Intel Core Gen 7 және одан жоғары, Mac Silicon M1 және одан жоғары
 - 2.4.2. RAM (ОЗУ) 6 Гб және одан жоғары.

2.5. Секундына 20 МБит және одан жоғары жылдамдықпен, алайда секундына 10 МБит кем емес тұрақты интернет желісі болуы керек.

2.6. **Артықшылық болып табылады:**

- 2.6.1. ғылыми салада қызығушылықтың болуы;
- 2.6.2. өзінің ғылыми мақалалары, материалдары, кез келген зерттеулердің нәтижелері, және басқалары;
- 2.6.3. B1 және одан жоғары деңгейде ағылшын тілін білу.

III. Байқаудың іріктеу кезеңдері.

3.1. Байқау іріктеудің 3 (үш) кезеңін қамтиды, олардың әрқайсысы аяқталғаннан кейін үздік үміткерлер іріктеледі. Байқаудың ашылғаны туралы хабарландыру Қордың yessenovfoundation.org интернет-сайтында және Қордың әлеуметтік желілерінде жарияланады.

3.2. Байқауды өткізу үшін Қор төменде сипатталған бағдарлама байқауының 3 (үш) кезеңінің нәтижелері бойынша қатысушыларды іріктеуді жүзеге асыратын Сараптамалық кеңес құрады. Сараптамалық кеңестің шешімі қарастыру үшін Қордың Басшысына беріледі.

3.3. Қор Басшысының шешімі ресми түрде бекітілген жеңімпаздар тізімі түрінде бұйрықпен мақұлданады. Бағдарлама жеңімпаздарының тізімі Қордың ресми сайтында жарияланады: yessenovfoundation.org.

3.4. **Бірінші кезең - өтінімдерді қабылдау және бағалау.** Бағдарлама іріктеуіне қатысу үшін үміткер:

3.4.1. Қордың ресми сайтында онлайн өтінімді толтыруы қажет: yessenovfoundation.org.

3.4.2. Үміткер өтінімге келесілерді қоса беруге міндетті:

Міндетті құжаттар:

- 1) жеке куәліктің көшірмесі;
- 2) студенттің транскрипті (GPA орташа балы 3.0-ден төмен болмауы қажет). GPA 3.0-ден төмен болған жағдайда өтінімдер қарастырылмайды;
- 3) соттылықтың бар/жоқтығы туралы анықтама;
- 4) транскриптің (барлық семестрлер) немесе бакалавриаттың диплом көшірмесі бағаларымен бірге (магистранттар мен мамандар үшін);
- 5) «Мен деректерді талдауды үйренгім келеді, өйткені...» тақырыбында эссе (кемінде 7 сөйлем, бірақ 750 сөзден аспауы тиіс). Эссе тек өңделетін Microsoft Word құжатында жіберілуі керек және өтінім берілген тілде – қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде жазылуы тиіс;
- 6) түйіндеме.

Қосымша құжаттар:

1. Үміткердің ғылыми зерттеулер саласындағы жетістіктерін және/немесе белгілі бір ғылыми/техникалық салаға деген қызығушылығын көрсететін портфолио және оны растайтын құжаттарды ұсыну:

a. олимпиадаға қатысу/жеңіс үшін берілген сертификаттар – 2 (екі) сертификаттан аспау керек*;

b. курстардан өту және т.б. растайтын сертификаттар – 2 (екі) сертификаттан аспау керек*;

c. қоғамдық белсенділік және волонтерлік қызмет үшін берілген сертификаттар – 2 (екі) сертификаттан аспау керек*;

d. ғылыми жарияланымдар – 2 (екі) жарияланымнан аспау керек*;

e. қатысқан немесе өз бетінше жүзеге асырған жобаларға сілтемелер – 3 (үш) мысалдан аспау керек (әрбір мысалға 2 фотосурет/парақ скриншоты/веб-сайтқа және/немесе әлеуметтік желілерге сілтеме және 150 сөзден аспайтын мәтіндік түсініктеме қосуға болады) *.

**Қор сертификаттардың шектеулі санын қарастырады. Үміткер өз жетістіктерін жақсы көрсететін сертификаттарды өз бетінше таңдауы керек.*

3.4.3. Өтінімдер Қордың ресми сайтында қабылданады: yessenovfoundation.org, **2025 жылғы «31» наурыздан бастап «05» мамырға дейін (қоса алғанда).**

Өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы «05» мамыр күні сағат 15:00-де (Астана уақытымен, GMT+5) аяқталады. Белгіленген мерзімнен кейін түскен өтінімдер қарастырылмайды.

3.4.4. Өтінімді және эссені қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде толтыруға болады. Құжаттар (сертификаттар, дипломдар, ұсыным хаттар және т.б.) түпнұсқа тілінде қабылданады.

3.4.5. Байқауға құжаттарды тапсыру өтінім берушінің бағдарламаның мақсаттарымен бөлісетінін және осы Ережеде баяндалған байқауды өткізудің барлық шарттарымен келісетінін және оларды толығымен орындауға дайын екенін білдіреді.

3.4.6. Белгіленген мерзімде түскен барлық өтінімдер Қор қызметкерлері мен тәуелсіз сарапшылар тарапынан қаралып, 2025 жылғы «19» мамырға дейін бағаланады (қоса алғанда).

3.4.7. Екінші кезеңге өткен үміткерлердің тізімі 2025 жылғы «20» мамырдан кешіктірілмей Қордың ресми сайтында жарияланады: yessenovfoundation.org. Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп дегенде 60 (алпыс) үміткер іріктеледі.

3.5. Екінші кезең – тестілеу.

3.5.1. Екінші кезең 2025 жылдың мамыр айының 21 мен 25 аралығында өткізіледі.

3.5.2. Математика және логика бойынша тестілеу. Тестілеу 30 (отыз) сұрақтан тұрады (60 минут). Онлайн форматта өтеді;

3.5.3. Деректерді талдау емтиханы. Емтихан - бұл регрессияға арналған тапсырма.

3.5.4. Тестілеуден сәтті өту үшін үміткер келесі тақырыптар бойынша базалық білімге ие болуы қажет:

- 1) матрицалар, сызықтық теңдеулер;
- 2) графтар (математика);
- 3) сызықтық регрессия, орта мәндер, медианалар;
- 4) функциялардың графиктерін салу;
- 5) айнымалылар, циклдер, шарттар, массивтер (кез келген бағдарламалау тілінде);
- 6) статистика және ықтималдық теориясының негіздері – ықтималдықтар үлестірімі, кездейсоқ шама, математикалық күтім, ковариация, қалыпты үлестірім.

3.5.5. Үшінші кезеңге өткен үміткерлердің тізімі 26 мамырдан кешіктірілмей Қордың ресми сайтында жарияланады. Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп дегенде 40 үміткер іріктеледі.

3.6. Үшінші кезең – сұхбат.

3.6.1. Үшінші кезең 2025 жылғы «27» мамыр мен «05» маусым аралығында (қоса алғанда) өткізіледі.

3.6.2. Үшінші кезеңге қатысушылар онлайн-режимде өтетін Қордың Сараптамалық кеңесімен әңгімелесуге шақырылады. Әңгімелесу барысында тәуелсіз сарапшылар:

- a. аналитикалық қабілеттер;
- b. кандидаттардың кәсіби қасиеттері;
- c. бағдарламалау дағдылары мен тәжірибесі (бар болса);
- d. жоғары интеллектуалды әлеует;
- e. өзінің кәсіби дағдыларын дамытуға үнемі ұмтылуы;
- f. т.б.

3.6.3. Сондай-ақ, сұхбат барысында сарапшылар үміткерлерді келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- a. жалпы коммуникация;
- b. құндылықтар жүйесі және ұстанымдары, мотивация;
- c. жалпы белсенділік;
- d. эмоционалды интеллект;
- e. қазіргі заман талаптарын түсіну;
- f. жалпы психологиялық жетілу;
- g. ойлау қабілеті;
- h. үміткерлердің әлеуметтік желілерде мотивациялық жазбалар жариялауға дайындығы.

3.6.4. Сұхбаттың ұзақтығы - 40 (қырық) минутқа дейін. Байқаудың үшінші кезеңі аяқталғаннан кейін 20 (жиырма) жеңімпаз таңдалады.

3.6.5. Қор байқауға қатысушыларға өз шешімдеріне түсініктеме бермеу құқығын өзіне қалдырады.

3.6.6. Байқау жеңімпаздарының тізімі 2025 жылғы «06» маусымнан кешіктірілмей Қордың ресми сайтында жарияланады: yessenovfoundation.org.

IV. Демеушілік көмекті тағайындау тәртібі.

4.1. Демеушілік көмек бағдарлама байқауының Үздік қатысушыларының ішінен 20 (жиырма) жеңімпазға тағайындалады. Бағдарлама жеңімпаздарының саны келіп түскен өтінімдердің саны мен сапасына байланысты ұлғайтылуы немесе азайтылуы мүмкін.

4.2. Бағдарламаны конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша жеңімпаздар өтеусіз негізде қордың «Yessenov Data Lab» жазғы мектебінде (Бұдан әрі – «мектеп») 2025 жылғы «16» маусымнан бастап «11» шілдеге дейін төрт апталық оқудан өтеді, оның ішінде 2 (екі) апта онлайн – 2025 жылдың 16 маусымынан 27 маусымына дейін (қоса алғанда), 2 (екі) апта офлайн форматта – 2025 жылдың 30 маусымынан 11 шілдесіне дейін Алматы қаласында өтеді. Қор Алматы қаласынан тыс жерде тұратын жеңімпаздардың ұшуы мен тұруы бойынша шығындарды өзіне алады. Қор офлайн оқыту кезеңінде мектептің барлық қатысушыларын тамақпен қамтамасыз етеді.

4.3. Мектепте оқу басталғанға дейін Қор мен бағдарлама жеңімпазы арасында демеушілік көмек көрсету туралы шарт (бұдан әрі – «келісімшарт») жасалады.

4.4. Бағдарлама жеңімпазы, оқу грантын алған қатысушы, Қормен жасалған Келісімшарттың шарттарын сақтауға міндетті, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:

- 1) мектеп сабақтарына қатысу, белгіленген кестеге сәйкес оқуға қатысып, сабақтарды дәлелді себепсіз босатпау;
- 2) барлық тапсырмаларды жауапкершілікпен орындау, оның ішінде мектептегі оқу аясындағы өзіндік жұмыстарды орындау. практикалық тапсырмаларды орындау сапасы мен толықтығы жасанды интеллект жүйелері арқылы тексеріледі;
- 3) мектепте емтихандарды уақытылы тапсыру;
- 4) мектептің басқа да міндеттемелері мен ережелерін сақтау;
- 5) қор туралы ақпарат тарату, оның ішінде әлеуметтік желілердегі жарияланымдар арқылы қордың оң имиджін қолдау, сондай-ақ қор ұсынған ақпараттық-насихаттық материалдарды тарату. конкурс аяқталған сәттен бастап және оқу аяқталғаннан кейін 1 апта ішінде кемінде 1 жарияланым инстаграм, фейсбук немесе linkedin желілерінде орналастырылуы тиіс;
- 6) өзінің кәсіби және қосымша жетістіктері туралы қорға ақпарат беру;
- 7) қордың сұранысы бойынша түсірілімдерге, ақпараттық сессияларға және басқа да коммуникациялық іс-шараларға қатысу. бұл фото және бейнематериалдар қордың әлеуметтік желілерінде және басылымдарында пайдаланылуы мүмкін;
- 8) қор сұратқан ақпаратты өтініш электрондық поштаға түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсыну;
- 9) қордың қызметі мен бағдарламаларына қолдау көрсету бойынша сұраныстарына жауап беру;
- 10) қордың сұранысы бойынша жеке фото, мәтіндік және бейнематериалдар ұсыну (оқу/жұмыс/тәжірибе/қоғамдық іс-шаралар орнынан және т.б.). фото және бейне материалдардағы сыртқы келбет пен киім ұқыпты және зайырлы сипатта болуы тиіс. сонымен қатар, қордың іс-шаралары кезінде фото және бейне сессияларға қатысу, бұл материалдар қордың ресурстарында қазақстан жастарына мотивациялық мақсаттағы сәттілік тарихтарын жасау үшін пайдаланылады;
- 11) келісімшарт бойынша өз міндеттерін орындау барысында бағдарлама жеңімпазы мен қор қызметкерлері қазақстан республикасының заңнамасын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзатын немесе бұзуға ықпал ететін әрекеттер жасамауы тиіс. олар кез келген тұлғаларға заңсыз артықшылықтар алу немесе басқа да заңсыз мақсаттарға жету үшін тікелей немесе жанама түрде ақша немесе құнды заттарды ұсынбауға, төлем жасауға немесе төлем жасауға рұқсат бермеуге міндетті.

4.5. Бағдарламаға және (немесе) Ережеге қатысты барлық сұрақтар бойынша Қор тарапынан уәкілетті тұлғаға келесі байланыстар бойынша жүгінуге болады:

- Григорий Ли: grigoriy.l@yessenovfoundation.org, телефон нөмірі: +7 705 888 5788;

- Ирина Грищенко: irina.g@yessenovfoundation.org, телефон нөмірі: +7 771 775 1815.

4.6. Қор үміткерлер және/немесе бағдарлама жеңімпаздары ұсынған ақпаратты кез келген заңды тәсілдермен тексеруге және ақпарат шындыққа сәйкес келмеген жағдайда бағдарламаны (кез келген кезеңде) және/немесе кез келген ізденушінің бағдарламасын байқаудың іріктеуінен алып тастауға құқылы.

4.7. Қор Бағдарлама бойынша грант алуға үміткерлерге қатысты қабылданған шешімдердің себептері туралы түсініктеме бермеуге құқылы.